
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида Нормативтік құжат түрі	Бет 1 - 14

**2026-2027 оқу жылына арналған бакалавриаттың білім беру
бағдарламалары бойынша «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық
өнер академиясы» РММ-не оқуға қабылдау қағидалары**

Алматы
2026 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида Нормативтік құжат түрі	Бет 2 - 14

«Бекітілді»

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы
 Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
 Ғылыми кеңесінің шешімімен
 «30» сәуір 2026 жыл №10 хаттама
 Ғылыми кеңес төрағасының орынбасары
 Ерғөбек Ш.Қ.


1. Жалпы ереже

1. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына (бұдан әрі – Академия) оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына (өзгерістер мен толықтыруларымен) (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (өзгерістер мен толықтыруларымен), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу және «Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсырғаны туралы сертификат беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (өзгерістер мен толықтыруларымен) және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 «Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі беріле отырып, білім беру грантын тағайындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар 2026–2027 оқу жылына бакалавриатқа түсетін талапкерлерді қабылдауда қолданылады.

3. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына (бұдан әрі – Академия) түсетін адамдарды қабылдау мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың меншікті қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4. Академия Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес қабылдау қағидаларын дербес әзірлейді және бекітеді.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида Нормативтік құжат түрі	Бет 3 - 14

5. Академияға қабылдау рәсімі ашықтық, айқындық, объективтілік және оқуға түсушілердің құқықтарының теңдігі қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Құжаттарды қарау және конкурстық іріктеуді өткізу бірыңғай талаптар мен өлшемшарттар негізінде қамтамасыз етіледі.

2. Академияға қабылдау тәртібі

6. Академияға оқуға қабылдау ректордың бұйрығымен құрылатын Қабылдау комиссиясы арқылы жүзеге асырылады. Қабылдау комиссиясының құрамына ректор, проректорлар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары және профессор-оқытушылар құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы тақ санды мүшелерден тұрады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы ректор болып табылады. Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады, ол комиссия қызметіне басшылық жасайды, комиссияның жұмысын ұйымдастырады және бақылайды, іс жүргізуді жүзеге асырады.

Қабылдау комиссиясы құжаттарды қабылдауды ұйымдастырады, конкурстық іріктеуді өткізеді және Академияға түсушілерді оқуға қабылдау туралы шешім қабылдайды.


7. Республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің мемлекеттік білім беру тапсырысын тағайындау конкурсына қатысуға жоғары білім кадрларын даярлаудың қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін сабақтас даярлау бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі.

8. Конкурсқа қатысу үшін түсушілер Қабылдаудың үлгілік қағидаларында белгіленген ең төменгі балдарды, оның ішінде Қазақстан тарихы пәні бойынша кемінде 5 балл, оқу сауаттылығы бойынша кемінде 3 балл және шығармашылық емтихандар бойынша кемінде 5 балл жинауы тиіс.

9. Академия білім беру бағдарламалары топтарының ерекшеліктерін ескере отырып, шекті балдарды дербес белгілейді. Шекті балдар конкурсқа жіберудің ең төменгі талаптары болып табылады және өту балы болып саналмайды.

10. 2026–2027 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары топтары бойынша шекті балдар:

№	Білім беру бағдарлама топтары атауы	Шекті балл
1	B023 Режиссура, арт-менеджмент	70
2	B024 Өнертану	65
3	B027 Театр өнері	100
4	B108 Сценография	65
5	B028 Хореография	70
6	B029 Аудиовизуалды құрылғылар және медиа	70

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026
		30.04.2026 ж.
<u>Қағида</u> Нормативтік құжат түрі		Бет 4 - 14

	өндіріс	
7	V103 Кино және теледидар режиссурасы	80
8	V105 Анимация режиссурасы	80
9	V106 Операторлық және фото өнері	70
10	V030 Бейнелеу өнері	65
11	V031 Сән, дизайн	75
12	V109 Сәндік өнері	65
13	V110 Фэшн дизайны	65
14	V101 Дәстүрлі музыкалық өнері	65
15	V102 Эстрада өнері	80

11. Ақылы оқуға қабылдау белгіленген шекті балдан төмен емес балл жинаған тұлғалар арасында ҰБТ және шығармашылық емтихандар нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Нақты өту балы конкурс қорытындысы бойынша айқындалады.

12. Егер Қазақстан Республикасының азаматы тиісті білім деңгейін алғаш рет алатын болса, мемлекет мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуын қамтамасыз етеді.

13. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары білімнің қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Оқуға қабылдау осы Қағидаларға сәйкес Академияның Қабылдау комиссиясымен конкурстық негізде жүзеге асырылады.


ҰБТ білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес өткізіледі.

14. ҰБТ білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу және (немесе) жоғары оқу орындарына оқуға түсу үшін ағымдағы және өткен жылдардағы орта білім беру ұйымдарының түлектері, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері, сондай-ақ шетелдік оқу орындарын бітірген адамдар үшін өткізіледі.

15. Түсушілер ҰБТ-ны белгіленген қағидаларға сәйкес өз қалауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде тапсырады.

16. Академияға оқуға қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 шілдедегі № 357 «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді:

1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар үшін – 2 пайыз;



2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер үшін – 0,2 пайыз;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін – 4 пайыз;

4) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 1 пайыз;

5) кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 5 пайыз;

6) кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар үшін – 3 пайыз;

7) бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін – 2 пайыз;

8) әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін – 2,5 пайыз.

17. Академияға адамдарды қабылдау талапкерлердің өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Конкурса қатысуға екі арнайы шығармашылық емтиханның нәтижелері, сондай-ақ белгіленген үлгідегі ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сертификатының балдары және (немесе) «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК-ның ресми интернет-ресурсында оның түпнұсқалығын растайтын QR-коды бар электрондық сертификат негіз болып табылады.

ҰБТ нәтижелері келесі пәндер бойынша ескеріледі: оқу сауаттылығы (оқыту тіліне сәйкес) және Қазақстан тарихы.

18. Академияда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурс білім беру бағдарламаларының топтары бойынша өткізіледі.

3. Шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі

19. Академияға оқуға түсетін тұлғалар Академияның Қабылдау комиссиясына өтініш пен қажетті құжаттарды тапсырады.

Түсушілер емтихандар басталғанға дейін бекітілген консультациялар кестесіне сәйкес бейіндік мамандардан тегін консультациялық көмек алуға құқылы.

20. Шығармашылық емтихандарды тапсыруға арналған өтініштерді қабылдау 2026 жылғы 20 маусымнан 6 шілдеге дейін жүзеге асырылады.

21. Шығармашылық емтихандар 2026 жылғы 7 шілде мен 15 шілде аралығында өткізіледі.



22. Құжаттарды тапсыру кезінде түсуші шығармашылық бағыттағы бір білім беру бағдарламасын көрсетеді.

23. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарына түсушілер екі шығармашылық емтихан тапсырады. Жоғары білімнің сабақтас білім беру бағдарламалары бойынша қысқартылған оқу мерзімін көздейтін ақылы негіздегі шығармашылық бағыттағы білім беру бағдарламалары топтарына түсушілер бір шығармашылық емтихан тапсырады.

24. Шығармашылық емтихандарды өткізу үшін Академия ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен емтихан кезеңіне арналған, құрамында төрағаны қоса алғанда, мүшелерінің саны тақ болып келетін емтихан комиссиясы құрылады.

25. Шығармашылық емтихандар білім беру бағдарламалары топтары бойынша, шығармашылық емтихандар өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес өткізіледі.

Шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білім беру бағдарламаларына түсуші тұлғалар шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін Академияның Қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:


1. белгіленген үлгідегі өтініш (Қабылдау комиссиясы береді);
2. жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттың түпнұсқасы;
3. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (3 дана);
4. 3×4 см көлеміндегі фотосуреттер (8 дана);
5. 2026 жылғы ҰБТ сертификаты;
6. № 075-У нысанындағы медициналық анықтама, флюорография нәтижесі;
7. тіркеу куәлігі немесе әскери билет (ер балалар үшін) (3 дана көшірме);
8. № 063/у нысанындағы медициналық анықтама;
9. жеңілдіктерді растайтын құжаттар (көшірме).

26. Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын Академия әзірлейді және қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

27. Шығармашылық емтихандардың кестесі (өткізу нысаны, күні, уақыты мен орны, консультациялар) Академияның қабылдау комиссиясының төрағасымен бекітіледі және Академияның ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы талапкерлердің назарына жеткізіледі.

28. Түсушіні шығармашылық емтихандар өткізу аудиториясына (үй-жайға) кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) дыбыс жазу құралдарымен жабдықталған аудиторияларда (үй-жайларда) өткізіледі.

29. Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі, титулдық парақтарды рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі,

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида Нормативтік құжат түрі	Бет 7 - 14

сондай-ақ емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру тәртібі көрсетіледі.

30. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Жоғары білім кадрларын даярлаудың сабақтас бағыттары бойынша қысқартылған оқу мерзімін көздейтін білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

31. Республикалық бюджет қаражаты есебінен «бакалавр» дәрежесін бере отырып, жоғары білімді толық немесе ішінара төлеуге арналған білім беру гранттары бірыңғай ұлттық тестілеу және шығармашылық емтихандар нәтижелері негізінде білім беру бағдарламалары топтары бойынша конкурстық негізде тағайындалады.

32. Шығармашылық емтихандарды өткізу қорытындылары бағалар ведомосі және комиссияның еркін нысанда жасалған хаттамасы түрінде рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) тапсырылады.

Комиссия хаттамасына төраға және барлық қатысқан комиссия мүшелері қол қояды.

33. Шығармашылық емтихандарды қайта тапсыруға жол берілмейді.

34. Шығармашылық емтихандардың нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

35. Шығармашылық емтихандардың бірінен 5 балдан төмен баға алған немесе дәлелді себепсіз емтиханға келмеген талапкерлер келесі шығармашылық емтиханға және оқуға қабылдау конкурсына жіберілмейді.


36. Шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша емтихан тапсырған орнына қарамастан Академияға ақылы негізде оқуға түсу үшін бағалар ведомосінен үзінді беріледі.

37. Академия белгіленген мерзімдерде талапкерлердің шығармашылық емтихандар нәтижелерін Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне жолдайды.

38. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлерге ұялы телефондар мен өзге де электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.

4. Апелляциялық комиссияның жұмыс тәртібі

39. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, даулы мәселелерді қарау және талапкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Академия ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен апелляциялық комиссия



құрылады. Апелляциялық комиссияның құрамы төрағаны қоса алғанда, мүшелерінің саны тақ саннан тұрады.

40. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған талапкердің жеке өзі ұсынады және нәтижелер жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13:00-ге дейін қабылданады. Өтініштерді қарау апелляциялық комиссиямен бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

41. Апелляциялық комиссияның шешімі оның отырысына құрамының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі. Апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның қызметі комиссия төрағасы мен барлық қатысқан мүшелері қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

5. Академияға оқуға қабылдау

42. Түсушілерді білім алушылар қатарына қабылдау Академия ректорының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен, қабылдау комиссиясының шешімі негізінде, тиісті күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін жүзеге асырылады.

43. Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтары бойынша білім беру гранттарының иегерлері шығармашылық емтихандарды тапсырған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылданады.


44. Академияға ақылы негізде оқуға қабылдау тиісті білім беру бағдарламалары тобы бойынша шекті балл болған жағдайда конкурстық негізде жүзеге асырылады.

45. Академияға ақылы негізде оқуға қабылдау Академия әрбір білім беру бағдарламалары тобы бойынша бекітетін қабылдау көлемі шегінде жүзеге асырылады.

Көрсетілген көлемді Академия Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын, оның ішінде лицензиялық талаптарды, санитариялық-эпидемиологиялық нормаларды, сондай-ақ білім беру процесінің материалдық-техникалық, кадрлық және оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етілуін ескере отырып, дербес айқындайды.

46. Академияға қабылдау шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады, жоғары білім кадрларын даярлаудың қысқартылған оқу мерзімін көздейтін бағыттар бойынша түсушілерді қоспағанда.

47. Қабылдау комиссиясы құжаттарды қабылдау және тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ құжаттар қабылданған күні талапкерге тиісті қолхат береді. Құжаттар толық емес ұсынылған жағдайда оларды қабылдаудан бас тартылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида Нормативтік құжат түрі	Бет 9 - 14

48. Қабылдау комиссиясы мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

- ұсынылған құжаттарда және (немесе) олардағы мәліметтерде анық еместіктің анықталуы;
- құжаттар топтамасының толық ұсынылмауы;
- құжаттардың белгіленген мерзімдерден тыс ұсынылуы.

49. Жеңілдіктерге құқығы бар тұлғалар квота шеңберінде басым құқықты растайтын қосымша құжаттарды ұсынады.


50. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және тиісті мамандық бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көзделген құжаттардың бірін қосымша тапсырады:

- 1) еңбек кітапшасы;
- 2) тоқтату күні мен оны тоқтатудың негізі туралы жұмыс берушінің белгісі бар еңбек шарты;
- 3) еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді көшірмелер;
- 4) жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінді көшірмелер;
- 5) жұмыс беруші қол қойған және мөрмен (ол болған кезде) растаған қызметтік тізім (жұмыскердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
- 6) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;
- 7) жүргізілген әлеуметтік аударымдар туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;
- 7-1) дуальды оқыту туралы шарт;
- 8) жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтама;
- 9) еңбек қатынастарының болуын растайтын заңды фактіні анықтау туралы соттың заңды күшіне енген шешімі жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжат болуы мүмкін.

51. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша қабылдау комиссиясының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым беру Академия ректорының атына жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

Шағымның қабылданғаны оны тіркеу фактісімен (мөр, кіріс нөмірі және күні) расталады, сондай-ақ шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен инициалдары және жауап беру мерзімі мен орны көрсетіледі.

Шағымда қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және пошталық мекенжайы міндетті түрде көрсетіледі. Шағым қызмет алушының қолымен расталады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида Нормативтік құжат түрі	Бет 10 - 14

Қабылдау комиссиясына келіп түскен шағым тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

52. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда қызмет алушы мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым беруге құқылы.


53. Шет тілінде ұсынылған құжаттар қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оқуға қабылданғаннан кейін бірінші академиялық кезең ішінде нострификациядан өтеді.

54. Шығармашылық емтихандар мен ұлттық бірыңғай тестілеу аяқталғаннан кейін Қабылдау комиссиясы талапкерлерді конкурс нәтижелері бойынша білім алушылар қатарына қабылдауды жүзеге асырады.

55. Білім беру грантын алуға арналған конкурс өткізілген, сондай-ақ жоғары білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдаған кезде балдар тең болған жағдайда басым құқық мынадай кезектілік бойынша беріледі:

- 1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған адамдар;
- 2) патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградталған адамдар;
- 3) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар;
- 4) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтың олимпиада, конкурс немесе спорттық жарыс пәніне сәйкес келуі шартымен жалпы білім пәндері бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;
- 5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида Нормативтік құжат түрі	Бет 11 - 14

ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдар.

Бұл ретте балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру гранттары аттестатының, куәлігінің немесе дипломының орташа балдары жоғары адамдарға беріледі.


Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балдары ескеріледі.

56. Жоғары білімнің білім беру грантын беру бойынша басым құқық болмағанда, балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары жоғары тұлғаларға беріледі.

Балдардың көрсеткіштері бірдей және басым құқығы болмаған кезде, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балы бірдей болғанда бейіндік пәндер бойынша алған балдары ескеріледі.

57. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес таңдалған білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар, бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар, сондай-ақ, әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін конкурс көрсетілген санаттар арасында бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемінен бекітілген квоталар бойынша өткізіледі.

Сонымен қатар, әскерге шақыру бойынша мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары үшін квота бойынша конкурс Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 29 тамыздағы №949, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2024 жылғы 29 тамыздағы №121/ке, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының 2024 жылғы 29 тамыздағы № 11-149, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2024 жылғы 29 тамыздағы №659

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида	Бет 12 - 14
	Нормативтік құжат түрі	

және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрінің 2024 жылғы 29 тамыздағы №338 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35009 болып тіркелген) бекітілген Білім беру жеңілдіктерін алу үшін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді конкурстық іріктеу қағидаларына сәйкес өтеді.

Білім беру грантын алуға арналған конкурсқа қатысушы тұлғалар үшін қабылдаудың көрсетілген квоталары барлық мәлімделген білім беру бағдарламалары тобына таратылады.

58. Академия оқуға қабылдау аяқталғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға білім алушыларды қабылдау туралы қорытынды есепті ұсынады.

59. Үлгілік қағидалармен реттелмеген мәселелер Академияның қабылдау комиссиясымен дербес шешіледі.

60. Жоғары білімі бар тұлғалар екінші жоғары білім алу үшін ақылы негізде оқуға түсе алады.

6. Екінші жоғары білім

61. Түсуші қабылдау комиссиясына мына құжаттарды ұсынады:

- 1) Академия белгілеген үлгідегі өтініші;
- 2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (3 дана);
- 4) 3×4 см көлеміндегі фотосуреттер (8 дана);
- 5) № 075-У нысанындағы медициналық анықтама және флюорографиялық зерттеу нәтижесі;
- 6) әскери есепке алу куәлігі немесе әскери билет көшірмесі (ер адамдар үшін) (3 дана);
- 7) № 063/у нысанындағы медициналық анықтаманың көшірмесі.

62. Түсуші білім беру бағдарламасына сәйкес екі шығармашылық емтихан тапсырады.


63. Түсуші екі шығармашылық емтихан нәтижелері бойынша кемінде 50 балл жинауы керек.

7. Шет ел азаматтары үшін


64. Шетел азаматтары Академияға ақылы негізде оқуға түсуге құқылы.

65. Түсуші қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:



- 1) білімі туралы құжат (аттестат немесе диплом) қосымшасымен бірге (түпнұсқа және нотариалды куәландырылған көшірмесі) (3 дана);
- 2) орта мектепті немесе колледжді аяқтағанын растайтын анықтама (2 дана); паспорттың нотариалды куәландырылған көшірмесі (3 дана);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (қазақ ұлтын растайтын құжат болған жағдайда) (3 дана);

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида Нормативтік құжат түрі	Бет 13 - 14

- 4) 3×4 см көлеміндегі фотосуреттер (10 дана);
 - 5) № 075-У нысанындағы медициналық анықтама (түпнұсқа және көшірме);
 - 6) Флюорографиялық зерттеу нәтижесі;
 - 7) екпе құжатының көшірмесі (2 дана);
 - 8) АИТВ инфекциясына тексеруден өткені туралы анықтама (түпнұсқа және көшірме);
 - 9) гельминтоздарға тексеруден өткені туралы анықтама (түпнұсқа және көшірме);
 - 10) безгекке тексеруден өткені туралы анықтама (түпнұсқа және көшірме).
66. Түсуші білім беру бағдарламасына сәйкес екі шығармашылық емтихан тапсырады.
67. Ұлты қазақ шетел азаматтарын қоспағанда, түсуші екі шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша кемінде 50 балл жинауы керек.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	Пр 017-11.04-2026 30.04.2026 ж.
	Қағида Нормативтік құжат түрі	Бет 14 - 14

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Бакалавриат бойынша қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы		Токеева А.Д.
Келісілді:		
Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры		Ергөбек Ш.Қ.
Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы		Әбдірахман Г.Б.
Заң бөлімінің басшысы		Сеитбекова Г.Д.
Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Е.